

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

«Жалпы тіл білімі» пәнінен ЛЕКЦИЯ МӘТІНДЕРІ

Білім саласы: 100000 - Білім
Оқыту саласы: 140000 - Оқытушыларды дайындау және педагогика пәні

Бакалавриат бағыты: 5141300 - Ана тілі мен әдебиеті
(Қазақ тілі және әдебиеті)

Науаи 2010

АННОТАЦИЯ

«Жалпы тіл білімі» тіл ғылымының бағыт-бағдарын белгілейтін ғылым.

«Жалпы тіл білімі» пәнінің алға қоятын мақсаты – студенттерді теориялық білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінен хабардар ету. Оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, негізгі бағыт-бағдарынан, ғылым алдында тұрған басты-басты проблемалардан білім беру. Курс тіл ғылымның тарихы, тіл теориясы, тіл ғылымындағы әдістер мен әдістемелер, тіл білімінің басқа ғылымдармен қарым-қатынасы сияқты мәселелерді қарастырады.

«Жалпы тіл білімі» теориялық білім берумен бірге практикалық дағды қалыптастыру мәселелерін де қарастырады.

Түзуші: оқытушы Г.Кумакбаева

Лекция мәтіні Науаи мемлекеттік педагогика институтының ғылыми кеңесінде талқыланып, үйлестіру кеңесінің қаулысымен ұсынылған.

2010 жыл «__5__» 09__2__ сан мәжіліс хаттамасы

1-лекция

Тақырып :Жалпы тіл Білімінін калыптасуы

Жоспар

- 1 Жалпы тіл білімі туралы
- 2 Лингвистиканын объектісі мен салалары
- 3 Лингвистиканын курделі салалары

Тірек уғымдар :

Жалпы тіл білімі ХІХ ғ бастап қалыптасты. Тілдік теория. Дыбысты тіл- қыры- сыры мол, курделі құбылыс. Интралингвистика- интра- латын сөзі- ішкі. Экстралингвистика- экстра- латын сөзі- сыртқы.

Әдебиеттер:

1. Т. Кордабаев. Жалпы тіл білімі. А. 1983.
- 2 А Хасенов. Тіл білімі. А. 2003.
- 3 Березин. Ф. М. Головин Б. Н. Общее языкознание, М. 1979
- 4 Кодухов . В. И. Общее языкознание, М. 1979
- 5 Муканов . М. Бакылау және ойлау А. 1969
- 6 К. Аханов . Тіл білімінің негіздері. А . 1979

Жалпы тіл білімінің қалыптасуы.

“Жалпы тіл білімі “ атауы – лингвистиканың жалпы тілдік теориялық саласы және оқу пәні деген екі мағынада қолданылады . Жалпы тіл білімі лингвистиканың теориялық саласы ретінде ХІХ ғасырдан бастап қалыптаса бастады . Жеке тілдер жөніндегі ғылым бұдан көп бұрын пайда болғанымен олар бір – біріне байланыссыз, жеке – жеке қаралды. Жалпы тіл білімі – лингвистиканың жалпы тілдік теориясы. Ол – бүкіл лингвистиканың бағыт – бағдарын белгілейтін компас ғылым. Ғылымдардың түрлі салаларға жіктелуі олардың зерттейтін объектілерінің сипатына байланысты. Ғылым объектісі деп оның зерттейтін , қарастыратын мәселелерін айтады . Объектісі – адамдардың дыбысты тілі. Лингвистика тілдің құрылымын да функциялық сипаттарын да, даму заңдылықтарын да, сыртқы дүниемен , қоғаммен , ой- санамен, қарым – қатынасын да түгел алып , жан – жақты зерттейді. Дыбысты тіл – қыры мен сыры мол , өте курделі құбылыс . Оны бір ғана тәсілмен , бірі бағытта зерттеу арқылы танып – білу мүмкін емес. Бұл жағдай тіл білімінің түрлі салаларға бөлшектенуін тудырады және зерттеу ісін түрлі бағытта , түрлі мақсатта жүргізуді қажет етеді. Лингвистикада тіл білімін алдымен жеке тілдер туралы ғылым жалпы тіл білімі деп екі топқа бөледі. Жеке немесе туыстас тілдерді зерттейтін ғылым сол тілдің немесе тілдердің атымен аталады: Қазақ тілі білімі, өзбек немесе орыс тілі білімі болмаса түркология т.б.

Лингвистиканың жалпы тілдерге ортақ , универсалды мәселелерді зерттейтін саласы – жалпы тіл білімі деп аталады . Сөйтіп , жалпы тіл білімі – тіл туралы ғылымның бағыт – бағдарын белгілейтін жалпы теориялық пән . Оның негізгі мақсаты – тіл білімінің ең өзекті, ең негізгі проблемаларына жүйелі талдау жасап , олардың өзіндік сипаттарын айқындау .

Ондай өзекті проблемалар қатарына мыналар жатады:

1. Тілдің өзіндік табиғаты мен мәні, ойлаумен, қоғаммен байланысы ,атқаратын қызметі .

2. Тілдің құрылымы ,құрылым элементтерінің бір – бірімен байланысы ,аракатынасы.

3. Тілдің таңбалық,жүйелік сипаттары.

4. Дыбыс тілінің шығуы ,тілдер дамуындағы ортақ заңдылықтар, тілдік құбылыстарға түрткі болатын ішкі ,сыртқы себептер,тілдер дамуында болатын дифференциялық (саралану),интеграциялық процестер ,жалпы халықтық тіл, диалекті ,сойлеу тілі мен әдеби тіл, т.б

5 . Тілдердің типологиялық ,генеологиялық топтары, жіктелу.

6 .Жазудың пайда болу ,даму жолдары.

7 .Тіл білімінің өзіндік зерттеу әдістері.

8. Тіл білімінің негізгі салалары ,басқа ғылымдармен қатынасы, өзіндік орны.

Бұл проблемалар – тіл білімінің өзіндік сипаты бар дербес ғылым екенін танытатын және өзара байланысты мәселелер.

Тіл білімі – өзіндік ерекшеліктері бар лингвистикалық мектептерге, зерттеудің әдісі – тәсілдеріне мейлінше бай.Олардың арасында ымырға келмейтін қайшылықтарда аз емес.Бірақ соған қарамастан қазіргі заман тіл білімінде қалыптасқан бірнеше күрделі салалар бар.

Олар:

Интралингвистика.Мұндағы интра – латын тілінен ауысқан префикс.Мағынасы – ішкі .Интралингвистика тілдің ішкі жүйелік құрылымын жүйе элементтерінің бір – бірімен қарым – қатынасын зерттейді. Кейбір әдебиеттерде бұл терминнің орнына микролингвистика ішкі лингвистика дейтін атаулар да қолданылады. Интралингвистиканың негізгі салалары – фонетика, лексикология ,грамматика.

Экстралингвистика – екі сөзден құралған термин. Экстра – латын тілінен алынған префикс.Мағынасы – сыртқы, сыртқары.Экстралингвистика тілдің сыртқы дүниемен ,қоғаммен байланысын зерттейді. Сондықтан оны социологиялық лингвистика, металингвистика(мета – грекше жарты) ,сыртқы лингвистика деп немесе оның тілдің қоғамда ,ойлау процесінде атқаратын қызметін зерттейтініне қарап функциялық лингвистика деп те атайды. Экстралингвистика социоллингвистика, менталингвистика дейтін екі салаға бөлінеді.Менталингвистика деген термин құрамындағы мента – латын тілінде ойлау, ақыл деген мағынаны білдіреді.Менталингвистика тіл мен ойлаудың қарым – қатынасын, тілдік мағынаның теориясын ,сойлеу әрекетімен, жағдаймен байланысын зерттейді.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Жалпы тіл білімі туралы не білесің ?
2. Лингвистиканың объектісі,саласы не?
3. Проблемалары неде?
4. Лингвистиканың күрделі салалары қайсылар?
5. Тіл білімін кімдер зерттеген ?

Такырып:Тіл білімі тарихы.

Жоспар:

1. Тіл білімі тарихының топтастырылуы
- 2.Тіл білімі тарихының зерттелуі
3. Ежелгі дәуір лингвистикасы

Тірек уғымдар:

Тіл білімі тарихынын тәрбиелік ,танымдық мәні зор.Ежелгі дәуір лингвистикасы. Ежелгі Кытай ,Үндістан ,Греция ,Рим лингвистикасы.Кун – Цзы – Конфуций “Эрья” создiгі “Веда” создiгі.Яски мен Панини .Аногистер ,аномалистер.

Әдебиеттер:

1. Т. Кордабаев. Жалпы тіл білімі .А .1983
2. А .Хасенов .Тіл білімі .А .2003.
3. Березин.Ф.М.Головин.Б.Н.Общее языкознание.М.1979.
4. Кшдухов.В.И.Общее языкознание.М.1979
5. Муканов.М.Бакылау және ойлау.А.1969.
6. К.Аханов.Тіл білімінін негіздері А.1976
- 7.

Ғылым салаларынын щзіне тән дуниеге,бірте – бірте даму тарихы болады. Сондай тарих тіл туралы ғылымда да бар. Ғылым тарихы откенді білу үшін гана емес, онын казіргі куйін дәл, дурыс танып, болашагын катесіз багдарлау үшін де кажет. Ғылым, сонын ішірде тіл туралы ғылым да бірден жетілмейді, біртіндеп дамиды, кейінгісі алдынгынын негізінде туып, сонын озгерген, жана сатыга котерілген табиғи жалгасы ретінде желі болып тартыла береді.Тіл білімі тарихынын тәрбиелік те, танымдық та мәні зор.Біздің жыл санауымыздан 5-6 мын жылдар бұрынғы египеттіктердін, шумерлердін т.б.Шығыс халыктарынын жоғары мәдениетті болгандыгын, әр турлі жазуларды пайдалангандарын ескерсек, тіл білімінін коне галымдардын бірі екендігін байқауга болады. Бірақ египеттіктердін, шумерлердін тілге байланысты айткан пікірлері біздің заманга жеткен жок. Тіл мәселелеріне байланысты жазылып сакталган,біздің заманга жеткен деректердін ен конесі Ежелгі Кытай, Үнді, Ежелгі Греция елдеріне тән. Шартты турде болса да, томендегідей жіктеуді ұсынуга болады. Олар:

- 1.Ежелгі заман лингвистикасы,
2. Орта гасыр лингвистикасы,
3. Кайта оркендеу дәуірі лингвистикасы
- 4.XIX гасыр лингвистикасы,
5. XX гасыр лингвистикасы.

Бұлардын әрқайсысы- оз ішінен тагы да турлі кезендерге боліне алатын курделі дәуірлер. Орыс тілінде басылган кейбір әдебиеттерде, солардын ішінде И.В.Кодухов жазган “Жалпы тіл білімі”атты оқулықта да, тіл білімінін даму тарихы бес дәуірге бөлінген.

Олар:

1. Конe заман лингвистикасынан XVIII ғасырға дейінгі дәуір.
2. Салыстырмалы – тарихи тіл білімі мен тіл философиясы калыптаскан дәуір (XVIIIғасырдын аягы мен XIX гасырдын басы)
3. логикалык және психалогиялык тіл білімі дәуірі (XIX гасыр ортасы)
- 4.Неограмматизм мен тіл социологиясы (XIX гасырдын 3 – болігі мен XX гасырдын басы).
- 5.Қазіргі заман тіл білімі және структурализм(XX гасырдын 30- 60 жылдары).Соңгыга совет дамуында дүниеге келген жана багыттык козкарастарга негізделген. Ежелгі дәуір – лингвистикалык ой- пікірдін жана туындай бастаган және онын мейлінше балан шагы. Ұзақ мерзімді камтитын бұл уакыт бойында лингвистикалык түсінік бірте –

бірте, өте баяу дамиды. Ежелгі дәуір лингвистикасында ерекше екі күрделі проблема болған. Оның бірі – атау, ат кою, екіншісі – грамматикалық өнер (искусства) проблемасы. Ежелгі Қытай лингвистикасы Қытай – мәдениеті, ғылыми ой – пікірі ерте дамыған, дүние жүзілік цивилизацияға зор үлес қосқан ежелгі

Такырып бойынша сұрақтар:

1. Тіл білімі тарихын қалай топтастырамыз?
2. Ежелгі дәуір лингвистикасының ерекшелігі неде?
3. Үндістан лингвистикасының жетекшілері кімдер?
4. Греция Рим лингвистикасының өкілдері қотерген мәселелері нелер?

4-лекция

Такырып; XIX ғасыр лингвистикасы.

Жоспар:

1. Салыстырмалы – тарихи тіл білімі.
2. Тіл философиясы.
3. Типологиялық зерттеу.

1816 жылы неміс ғалымы Ф. Бопптың санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Ол бұл тілдерден жинаған материалдарын, Иран, славян, балтық бойы халықтары, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1883-1849 жылдар арасында «Үнді-Еуропа тілдерінің салыстырма грамматикасын» жазды.

Тіл білімі тарихында Бопп салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады. Бопп еңбектері шынында да зерттеу ісіне салыстыру әдісін қолдану арқылы тілдер туыстастығын айқындауға болатынын көрсетті.

Тіл философиясы тіл білімінен көп бұрын пайда болған. Лингвистика дүниеге келген күнінен бастап философиямен тығыз байланыста келеді. Осы мәселеге байланысты айтыс орта ғасыр лингвистерін реалистер, номиналистер деп аталатын екі лагерьге болған. Бұл мәселемен сол дәуірдің көрнекті ойшылдары – Гердер, Шлегель, Гумбольдт, т.б сияқты ғалымдар айналысты. Гумбольдт тіл білімінің өзіндік философиялық базасы – тіл философиясы. Тіл философиясының негізгі принциптері – тілді оның формаларын әрекет деп тану, оларды халықтың ұлттық санасы деп есептеу.

Типологиялық зерттеу. Типологиялық зерттеудің кеңірек етек алып, зерттеудің бір әдісі ретінде қалыптасуы XIX ғасырдың бас кезі болғанмен XVI-XVII ғасырларда басталған. Көп тілді салыстырмалы сөздіктер жасау, районалды грамматикалар жазу – осы әдістің алғашқы әліппелері. Дүние жүзіндегі тілдердің типологиялық белгілерін айқындап, тілдерді сол белгілеріне қарай жіктеуді алғаш ұсынған неміс романтиктерінің көсемі Ф. Шлегель. Ол 1809 жылы жарық көрген «тіл және үнділердің даналығы» дейтін еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар – жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай тілдерді флективті, агглютинаивті деп екі топқа бөледі. Мұнда көрсетілген типологиялық шағын белгілер дүние жүзіндегі тілдерді қамти алмайды.

Осындай қозғалыстар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап алдарына лингвистикалық мектептер болып қалыптасты.

Такырып бойынша сұрақтар:

1. Салыстырмалы – тарихи тіл білімінің ерекшелігі неде?
2. Тіл философиясында не жұмыстар атқарылды?
3. Типологиялық зерттеудің алға қойған мақсаты неде?
4. Аткарылған жұмыстар туралы не білесің?

5-лекция.

Тақырып: XIX ғасыр лингвистикасындағы ағымдар.

Жоспар.

1. XIX ғасыр лингвистикасындағы ағымдар.
2. Натуралистік және биологиялық қозқарас.
3. Психологиялық қозқарас.

Тірек ұғымдар:

Натуралистік, психологиялық, жас грамматикалық деп аталатын лингвистикалық мектептер.

Натурализм латынның натура (жаратылыс) деген сөзінен шыққан. Натурализм жеке ағым ретінде көркем әдебиетте, өнерде, ғылымда XX ғасырдың екінші жартысында Дарвин ілімінен пайда болды.

Тіл біліміндегі натурализм көрнекті неміс ғалымы, Россия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А. Шлейхер (1821-1869) есімімен байланысты. Ол – салыстырмалы тіл білімінде тіл философиясын қалыптастырушылардың тіл фактілерін салыстыруда дыбыс кубылыстарының заңдылықтарын қатал сақтауды талап етушілердің, тілдердің типологиялық ұқсастығы мен генологиялық ұқсастықтарын жан-жақты талдаушылардың көрнектілерінің бірі.

Оның натуралистік қозқарасы «Лингвистикалық салыстырмалы зерттеу» еңбегінен толық көрінеді.

Психологиялық қозқарас. Натуралистерге қарсы күрес үстінде дүниеге келген екінші бағыт – психологиялық ағым деп аталады. Тіл біліміндегі психологизм XIX ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті лингвисттердің көбі осы бағытты жақтады. Тіл психологиясының объектісі – адамдардың сөйлеу әрекетінде болатын психикалық процестер. Психологиялық қозқарастың бұл түрі тіл білімінде индивидуалистік психологизм деп аталады. Индивидуалистік психологизм тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығарады. Тіл білімін қоғамдық ғылымдар тобынан бөліп алып, оның дербестігін жою, оны психологияға тәуелді соның бір саласы деп санайды.

Индивидуалистік психологизм бағытындағылардың ең көрнектілерінің бірі Герман Пауль.

Элеуметтік психологизм теориясын негіздеуші, оның ең көрнекті өкілі Г. Штейнталь. Оның тіл мәселерін психологияның заң-ережелеріне негіздеп шешетін концепцияларды «грамматика, логика, психология және булардың принциптерімен өзара қарым-қатынастары» 1855, «психологиямен тіл біліміне кіріспе» 1881, «тілдің шығуы» 1851, деп аталатын т.б. еңбектерінде баяндалған.

Жас грамматикалық бағыт.

Жас грамматикалық қозқарас XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қалыптасты. Алғаш Германияда туганмен, көп ұзамай оған тілектес, пікірлестер әр елден табылып, өте тез өркен жайды. Бұл ағымның Германиядағы көрнекті өкілдері К. Бургман, (1849-1919), Г. Остгоф (1842-1907), Г. Пауль 1846-1920 А. Лескин (1840-1916) т.б. Францияда М. Бреаль, Швейцарияда Ф. де Соссюр, Америкада Уитни, Италияда Г. И. Асколи, Россияда Ф. Ф. Фортунатов бастаған лингвистикалық мектебі мен Бодуэн де Куртенэ бастаған Қазан лингвистикалық мектептері болды.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Бұл ағымдардың мақсаты не еді?
2. Натуралистік қозқарастағылар не пікір бідірген?
3. Психологиялық қозқарастағылар не пікірлер айтқан?

Такырып: XX ғасыр тіл білімі.

Лингвистикалық мектептер.

Жоспар:

1. Лингвистикалық мектептер қатары.
2. «Создер мен заттар»
3. «Эстетизм»
4. «Социологизм».

Тірек ұғымдар

XX ғасыр лингвистикалық ой-пікірлер дамуының жана кезені болды.
«Создер мен заттар» журнал.

Эстетизм-неміс ғалымы Карль Фосслер. Неолингвизм де жас грамматизм бағытына қарсы мектеп.

Әдебиеттер:

1. Березин Ф.М. Головин Б.Н. Общее языкознание М.1979.
2. Кодухов В.И. . Общее языкознание М.1979.
3. Березин Ф.М. История лингвистических учений Москва 1975.
4. Кордабаев Т. «жалпы тіл білімі» Алматы 1983.
5. К.Аханов «тіл білімінің негіздері.» Алматы 1987.
6. А.Хасенов «тіл білімі» Алматы 2003 «Санат».

Қазіргі заман тіл білімі жас грамматистерге қарсы күресте туып қалыптасты.

XIX ғасырдың соңғы 10 жылы мен XX ғасырдың бас кездерінен бастап Батыс Еуропа тіл білімінде жас грамматистік бағыт қатты сынға алынды. Олардың қатарына – «Создер мен заттар», «Эстетизм», «Социологизм» деп аталатын мектептерді жатқызуға болады. Жалпы алғанда, XX ғасыр лингвистикалық ой-пікірлері дамуының жана кезені болды және әртүрлі бағытта дамып келеді.

Создер мен заттар.

Бұл-тіл білімі тарихында жас грамматикалық бағыттан бір жола және үзілді бас тарту уранын тунғыш қотерген мектеп. Оның оқилдері 1909 жылдан бастап Рудольф Мерингердің (1859-1931) басқарумен шыға бастаған (Австрияда) «Создер мен заттар» деп аталатын журнал тәңірегінде топтасқандықтан соның атымен аталған. Бұл мектептің ең қорнекті өкілі – роман тілдері мен жалпы тіл білімінің маманы Австрия лингвисті Гуго Шухардт (1842-1927).

Эстетизм

XX ғасырдың бас кезінде Батыс Еуропада жас грамматизм бағытына қарсы пайда болған лингвистикалық мектептің тағы бір түрі - эстетизм немесе эстетикалық лингвистика .

Оны қалыптастырушы неміс ғалымы , роман тілінің маманы, әрі әдебиетші, Мюнхен университетінің профессоры Карл Фосслер (1872-1949). Сонымен бұл мектеп қурамында роман тілдерінің мамандары Е.Лерх, Л.Шпитцер т.б. болған.

Кейде бұл мектеп нефилология немесе идеалистік нефилология деп аталады.

Неолингвизм **неолингвизм** де жас грамматизм бағытына қарсы XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан лингвистикалық мектеп . Бұл атау гректің жана деген мағынаны білдіретін неос деген сөз імен лингвистика деген сөзден бірігуінен туган.

Бұл мектеп Италияда қалыптасты. Оның негізін салушылар Маттео Бартоли (1873-1946), Джулиано Бонфант, Джулиано Бартони (1878-1946), В.Пизани, т.б. Неолингвизм бір-біріне уйлесе қоймайтын әр түрлі қозқарастағы ғалымдардың – В.Гумбольдттың , Г. Шухардттың , К.Фосслердің , кейбір мәселеде Г Паульдің принциптеріне сүйенеді. Сондықтан бұл мектеп кейде эклетикалық неолингвизм деп те аталады .

Неолингвизм өкілдері Гумбольдт пен Фосслер сияқты тілді рухани әрекет ,коркем туынды , эстетикалық корсеткіштердің жинтыгы дейді.Шухардт сияқты булар да тілдер тогысуына ерекше мән береді. Пауль сияқты бұлар да индивидуумнің сойлеу әрекетін зерттеуге ерекше көңіл бөледі.

7-лекция

Тақырып: Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысты.

Жоспар:

1. Ғылым, онын объектісі мен жіктелу турлері.
2. Ғылымдар байланыстарынын себептері.
3. Тіл білімі және философия.
4. Тіл білімі және логика.
5. Тіл білімі және психология.

Тірек ұғымдар:

Ғылым-объективтік өмірдің ақиқат заңдылықтары туралы білімнің жоғары формасы. Тіл білімі философия логика психология, физиология, медицина, әдебиет тану және тарих археология мен тығыз байланысады.

Ғылым-объективтік өмірдің ақиқат заңдылықтары туралы білімнің жоғары формасы. Тіл білімі философия, логика, психология, физиология, медицина, әдебиет тану және тарих археология мен тығыз байланысады.

Ғылымдар байланыстарынын себептері. Еш нәрсемен байланыссыз томаға тұйық құбылыс қоғам өмірінде де, табиғатта да кездеспейді. Түрлі құбылыстар өзара байланысып, бір-біріне ықпал, әсерін тигізеді, біріндегі өзгеріске екіншісі себепші, турткі болады. Бұл ғылымға да тән.

Тіл білімінің кең өрісті, көп тармақтылығы онын объектісі –сойлеу тілінің орасан күрделі, сан салалы, қыры мен сыры шексіз мол объекті болуынан.

Тіл білімі және философия.

Тіл білімінің философия мен бірлігі ежелгі замандардан басталады.

XIX ғасырдың тіл білімі, көп жағдайды, философия ғылымынын бір тарауы ретінде қаралды. Тіл мәселелерімен айналысушылардың басым көпшілігі философтар, немесе философ, әрі лингвистер болды.

Тіл білімінің философия арасындағы байланыс екі жақты: философия жалпы заңдылықтарды зерттейтін ғылым ретінде тіл біліміне методологиялық негіз болса, тіл білімі ойды қалыптастыруда, оны жарыққа шығаруда тілдің қандай қызметтер атқаратыны және қалай атқаратыны жөнінде философияға материалдар береді.

Дегенмен философия үшін тіл-жалпы заңдылықтар тұрғысында ғана қаралатын жанама объект.

Тіл білімі және логика. Логиканың бір саласы математикалық логика соңғы жылдары тіл білімінің алдына жана проблемалар, тіл зерттеу ісіне математикалық формулаларды қолдану міндетін қойып жүр.

Тіл білімі және психология.

Психология психика туралы ілім психологияның мақсаты –адамдардың психикалық әрекеттерінің қалыптасып, даму жолдарын анықтау.

Ал, психикалық құбылыстарға сезу, қабылдау, түйсіну, ойлау, байымдау, қиялдау сияқтылар жатады.

Бұлардың барлығы да мидың жемісі және барлығы да сойлеу процесі мен тығыз байланысты. Психология адамның сойлеу әрекеті мәселесінде Ғана тіл білімімен ұштасады. Ал тілдер адамдардың психикалық құбылыстары тұрғысына қарап шешуге болмайтын толып жатқан мәселелер бар. Онын үстіне бұл екі ғылымның ортақ объекті өзін зерртеудегі қоздейтін тупкі мақсаты екі басқа: бірі тілдік материалдардың жәрдемі арқылы психикалық құбылыстардың сырын ашуды, екіншісі психология

ғылымынын табыстарына сүйене отырып, тілдік құбылыстарды жете түсунуді, айкындауды коздейді.

Тіл білімі және физиология мен медицина.

Сөйлеу, сойлесу дыбыс органдарынын арткулияциялары аркылы жасалатын дыбыстар таскыны турінде іске асып, ауа толкыны аркылы кулака естіледі. Сөйлеу әрекеті-физиолигиялык курделі процесс. Оған мидыңда, сойлеу органдарының да, нерв жүйесінін де катысы бар. Бул жагынан тіл білімі физиология, физика, медицина ғылымдарымен де тыгыз байланысты болады.

Тіл білімі және әдебиет тану ғылымы.

Бұл екі ғылым ежелгі заманнан бірлікте және филология деген ортақ атаумен аталып келеді. Әдебиет пен тіл-айырылмас бірліктегі құбылыстар. Тіл-әдебиеттің жаны. Тілсіз әдебиет жоқ. Тіл әдебиеттің материалдық жағы болса, әдебиет тілдің мазмуны, тілдік материалдар қызметінің жемісі. Тіл әдебиеттен бұрын пайда болған. Тіл білімі де, әдебиет тану ғылымы да ежелгі заманнан сақталған тілдік нұсқаулардан мазмунын, тілін, пайда болу тарихын зерттеу негізінде қалыптасқан филология ғылымынан болініп орбіген торкіндес, кіндіктес ғылымдар. Баскаша айтқанда, көркем тексті талдағанда лингвистер тілдік тулгалардан, тілдік категориялардан олардың шығарманын көркемдік эстетикалык мазмундағы колданысына қарай зерттесе, әдебиетшілер керісінше шығарманын идеялык көркемдігінен бастап оларды ашуда тілдік құралдардың ролі дегенде қарай зерттейді.

Тіл білімі және тарих, археология.

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі статикалык қалпын да, әр дәуірді қамтитын динамикалык күйін де зерттейді. Тілдің диахрондық, яғни тарихи жолдарын зерттеу – сол тілді тугызған, оны қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен тыгыз байланысты. Сондықтан тіл тарихын зерттеуші ғалым сол тілді қолданған қоғам тарихы жоніндегі ілімнің табыстарына сүйенбей, ал тарихшы өз зерттеулерінде тіл фактілерін ескермей тура алмайды.

Тіл білімінің халықтың материалдық мәдениеті тарихын зерттейтін –архиология ғылымен де байланысы бар. Қоғам өмірінде пайда болған, қоғам мүшелерінің кәдесіне жараған заттардың қай-қайсылары болса да тілде белгілі атауға ие болады.

Тіл білімі және география.

Тіл білімінің география ғылымымен уштасуы XIX ғасырдың соңғы кездерінен басталады. Ондай уштастық жергілікті диалектілік ерекшеліктерді зерттеу, олардың тараған аймақтарын диалектологиялык қарталарға ттүсіру мақсатынан туды да, лингвистикалык география деген атқа тие болды, оны кейде диолектография, ареальды лингвистика деп те атайды.

Тіл білімі және кибернетика

Үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарынан бастап тіл біліміне ерекше әсер ете бастаған ғылым-кибернетика. Кибернетика грек сөзі. Иагынасы- басқару, басқару шеберлігі. Бұл сөзді мемлекет басқару деген мағынада қолдану керек деген пікірді өткен ғасырда француз физигі А.Ампер айтқан. Ал кибернетиканы ғылым атауы ретінде қолдануды және оның алға қойатын мақсатын алғаш айтқан – Америка профессоры Н.Винер. Бірақ –бул ғылым ешқандай негізсіз, аяқ астынан пайда болған, бірақ Адам ғана жасаған ғылым емес.

Ол- математика, физика, психология, физалогия, тіл білімі сияқты көптеген ғылымдардың табыстары негізінде туып, соларға сүйенген, солардың бір жерге жинақталған түрі ретінде дүниеге келген синтетикалык ғылым.

Сұрақтар

1. Ғылымның салалары туралы не білесін?
2. Ғылымдар не үшін бір-бірімен байланысады?
3. Философияның тіл біліміндегі орны қандай?

Такырып: Тіл теориясы.

Жоспар:

- 1.Тілдің өзіндік сипаттары.
2. Тілдің анықтамасы
3. Тілдік мағына.

Тірек ұғымдар :

Тіл теориясы ,Дыбыс тілі , тілдің функциясы. Қоғаммен , ой санамен катынасы
Лексикалык , грамматикалык мағыналар . Тіл мен ойлау.

Әдебиеттер:

- 1.Березин Ф.М. Голавин Б.Н. Общее языкознание М.1979.
- 2.Кодухов В.И. . Общее языкознание М.1979.
- 3.Березин Ф.М. История лингвистических учений Москва 1975.
- 4.Кордабаев Т. «жалпы тіл білімі» Алматы 1983.
- 5.К.Аханов «Тіл білімінің негіздері.» Алматы 1987.

Тіл теориясы – тілді я тілдерді зерттеуден туатын ғылыми тужырым . Сойлеу тілі сан-саналы ,оте курделі кубылыс. Ол біртұтас құбылыс болғанмен оз ішінен болшектенеді. Бул болшектер ажырамас бірлікте , шартты катынаста бола тура , екінші жағынан ,бір-біріне карама-карсы ,кайшы сипатта мәнде болады.

Тілдің анықтамасы

Қазак тіл деген созді екі мағынада колданады. Тіл білім іне бұл созді соңғы мағынаға ие.

Тілдің катынас құралы болу кызметі коммуникативтік деп аталысы , онын ойды калыптастыру , жарыкка шығару адамнын психикалык куйін , жан сезімін , ішкі толғанысын білдіру кызметі экспесивтік деп аталады.

Тілдің табиғаты дегенде онын кандай кубылыстар қатарына косылатыны кайсысына косылса да онын себебі , дәлеліне не болмак деген мәселелер жатады.

Тіл қоғамдық құрылыс.

Тіл қоғам қажетін отейтін , қоғамға қызмет ететін қоғамдық құбылыстар қатарына жатады. Онын себебі тіл қоғам үшін , қоғам мүшелерінің пікір алысып озара тусінісуі керек .

Сөйлеу дегеніміз- тілді катынас процесінде өз ойын басқаларға білдіру , басқаның ойын білу максатында колдану деген соз.

Жалпы семиотика бүкіл таңба атаулыға бірдей дәрежеде колдануга болатын ортак теория калыптастыруды коздейді. Ол таңбалар арасында болатын өзгешеліктерді , әсіресе тілдік танбалардын спецификациялык ерекшеліктеріне онша мән бермейді. Лингвистикалык семиотиканын объектісі – тілдің танбалык сипатын зерттеу , тілдік танбалар жуйелерінен ерекшеліктерін , таңбанын өзі білдіретін хабармен карым-катысын ашу.